

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ
БҰЙРЫҚ 164/1**

Құлан ауылы

02.09.2022 ж

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағару министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген 2-қосымша «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының» 25) тармағы, 3-қосымшасы «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының» 56) тармағы, 4-қосымшасы «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының» 50) тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарында 6 сағаттан, 4-сыныптарда 10 сағаттан оқу процесі кезінде бастауыш сынып пән мұғалімдері іске асырсын.
2. Негізгі орта білім беру деңгейінің «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу пәнінің шеңберінде оқу процесі кезінде 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен іске асырылсын.
3. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныптарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің шеңберінде оқу процесі кезінде 12 (11 сыныптарға 16-сағат 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрықтың 425-қосымша) сағаттық жылдық оқу жүктемесімен Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы – ұйымдастырушысының оқытуымен іске асырылсын.
4. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсының мазмұны оқу пәндерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен сынып журналдарында пән сабақтарының мазмұнымен кіріктіріліп жазылуы іске асырылсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.И.Юлдашевқа жүктелсін.

Мектеп директоры



Ш.Е.Дайрабаева

Ш.Е.Дайрабаева